

**Ернур Нурланович Дауеновтың 8D01101 (6D010300) Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Аксиологиялық парадигма жобалық оқыту арқылы білім алушылардың ұлттық бірегейлігін дамытудың негізі ретінде» тақырыбына жазған диссертациясына**  
**ПІКІР**

Білім беру жүйесінде ХХ ғасырда бұрынғы желіден басқа бағамға өзгеру қажеттілігі тұрғанына сол кездегі педагогика саласындағы тұлғалар куә. Бір формациядан екінші формацияға кешкен кеңестік үкімет тұрғысында жоғарыдан әмірмен бұйрықтар және нұсқалықтар даярланып, Одаққа тәуелді ұсақ мемлекеттер сол құжаттардағы мәселелер төңірегіндегі тапсырыстарды орындаушылық қызметпен шектелетін. Салдарынан білім мазмұны мен оқыту мазмұнын жана философиялық тұрғыда түбірімен басқаша құру міндеті туды. Бұл орайда «парадигма» ұғымы аталған көкейкесті мәселені шешуге бағдар жасайтыны зерделенген.

Өкінішке орай, ХХ ғасыр мен ХХІ ғасырдың басында аталған дидактикалық екі саланың құжаттары мен оқулықтары, оқу құралдарының мәні түбірімен парадигмалық тұрғыда өзгеруі көкейкесті мәселеге айналған.

Білім мазмұның өгертудің парадигмасы оның рухани құндылықтарды беру жүйесіне тірек көзі ретінде саралау үдерісімен толыққанды мәнді болатыны бұл еңбектің басымдығы деуге болады. Зерттеу жұмысының сыртқы ауқымының көкейкестілігі осындай дәрежеде зерделенсе, «аксиологиялық парадигма» ұғымы «ұлттық бірегейліксіз» білім философиясына жауап бере алмайтыны Ернур Нурланович ғылыми еңбегінде дәйектілікпен дәлелденген.

Зерттеу жұмысының көкейкестілігі ешқандай күмән келтірмейтіндігіне кез жеткізілді. «Педагогикалық білім беру жүйесі» ұғымының ауқымы кең болғандықтан және мектеп өмірінде оқу іс-әрекетін білім мазмұнын тірек көзі ретінде санау мұғалімдер легіне қиындық келтіріп отырғаны бүгінгі таңға дейін түйіткілді мәселе екені еңбекте қамтылған. Бұндай шешім қабылдауы - диссертацияның өзіндік тапқырлығы.

Барлық ғылыми жұмыстарды орындау барысында әрбір ұғымның маңыздылығы айқындалып отыру ұстанымының тағы бір екпін жасар тұсы - ол жоғарыдағы зерделенген мәселелермен қатар сараланатын ХХІ ғасырдың басында көрініс беруі және оның даму қарқыны. Бұл жағдайда, диссертант жұмыстың өн бойында аталған ұғымдарды анықтап, оған ғылыми тұжырымдар жасағаны анықталды.

Әрбір параграфтардың аталымдарына сай оның мазмұндық нысаналары анықталып, әдіснамалық негіздері сол мәселелерге қатысты талданып, тұжырымдар нұсқалы тұрғыда ұсынылғаны жұмыстың локальды және конструктивті бағаммен жазылғанын көрсетеді.

Әдіснамалық тұжырымдарды құруда диссертант зерттеушілердің еңбектеріндегі маңызды тұстарын көрсету мақсатында матрица құрып,

жіктемесін оқырманға меңгерту сынайында таксономия (түзілімдер) ұсынып, дәстүрдегі кесте мен суреттерді де орынды қолданғаны аңғарылды.

Ернур Нурланович ұсынған теориялық және прагматикалық материалдары эксперименттік тексерістен өткен. Анықтаушы, қалыптастырушы, бақылаушы кезеңдерінде сандық, индикаторлары, сапалық көрсеткіштер, өлшемдіктер, эксперимент кұрудың талаптарына сай орындалған.

Ернур Нурланович диссертациясының ғылыми жаңалығы айқын, оның тәжірибедегі қолданымы ауқымды, логикалық тереңдігімен ерекшеленетіні байқалды. Диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға жауап береді.

Онлайн режимімен 6 аймақ білім беру кеңістігінде оқу окитын білім алушылармен, ұстаздармен эксперименттің анықтаушы кезеніне қатысты. Сараптамалық материалдарының нәтижелерін диагностика сапасында қолданған. Ұсынылған жаңалықтары мен модельдін маңызды тұстарынан проблемалық сұрақтар қойып, оның қалыптастырушы және бақылаушы кезеңдеріндегі қорытынды нәтижелері дәйектілікпен сараланған.

**Пікір беруші:**

**Педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор**



**Е. Жұматаева**

«Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
_____ қолын растаймын	
подпись <u>Жұматаева Е</u>	заверяю
HR-қызметі _____	
Некоммерческое акционерное общество «Торайғыров университеті»	